

**Қарағанды облысы жас кітапханашыларының І Форумы**  
**аясында өткізілетін**  
**Ең үздік инновациялық жобалар байқауының**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Ең үздік инновациялық жобалар Байқауы Қарағанды облысы жас кітапханашыларының І Форумының аясында өткізіледі.

1.2. Осы Ереже Байқаудың ұйымдастырылуы мен өткізілуін анықтайды.

1.3. Қарағанды облысы мәдениет басқармасы осы Байқаудың құрылтайшысы болып табылады.

1.4. Байқаудың ұйымдастырушысы – «Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» Мемлекеттік мекемесі.

1.5. Байқауды ұйымдастыруға кітапхана қызметін қолдайтын, байқаулық іс-шараларды қаржыландырумен айналысатын кез-келген мекемелер жәрдем көрсете алады.

1.6. Байқаудың жеңімпаздарын Қарағанды облысы мәдениет басқармасымен бекітілген Байқаудың қазылар алқасы анықтайды.

1.7. Байқаудың әділ қазылар алқасына кітапхананың, қоғамдық және басқа да ұйымдардың өкілдері мүше бола алады.

**2. Байқаудың мақсаты**

Кітапхана қызметкерлерінің инновациялық жаңа идеяларды енгізу мен жетілдіру қызметін кітапхана ісінде жандандыру; облыс кітапханаларының инновациялық білім беру мүмкіндіктерін анықтау; шығармашылық қызметті ынталандыру арқылы кадрлық әлеует саласын дамыту және кәсіби қалыптасуда көмек көрсету.

**3. Міндеттері**

- жас кітапханашылардың инновациялық әлеуетін қолдау;
- үздік инновациялық жеке біліми жобаларды анықтау;
- жас кітапхана мамандарының кәсіби шеберлігін арттыру;
- жас кітапханашылардың тұрғындарға кітапханалық қызмет көрсетуде креативті ізденіс жасауын ынталандыру;
- Қарағанды облысының кітапханалық саласын дамытудағы жас кітапханашылардың жасампаз ролін айқындау;
- Жас кітапханашылардың жобалық қызметіндегі дағдыларын ынталандыру;

#### **4. Байқауға қатысушылар**

Байқауға Қарағанды облысының 18-35 жас аралығындағы кітапханашылары қатыса алады.

#### **5. Байқаудың тәртібі, шарттары және мерзімі**

5.1. Байқаудың шеңберінде облыс, қала, аудан, ауыл үшін маңызды болып табылатын кітапхана ісін жаңарту және реформалауға көмектесетін барлық инновациялық жобалар 6 номинация бойынша қаралып, қолдау табады:

- **«Ақпараттық технологиялар мен шығармашылық»** – кітапханаларда жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мен қолдануға бағытталған жобалар.

- **«Оқудың болашағына көз салсақ»** – әр топтағы тұрғындарды оқуға тартуға арналған әлеуметтік маңызды жобаларды қолдауға бағытталған. Тұрғындардың мәдени білімін көтеру және оқуды белсендірудегі нәтижелі идеяларды жетілдіру. Қоғамда оқудың мәртебесін көтеру.

- **«Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын» ақпараттық сүйемелдеу.**

- «Кітап қорын қалыптастырудағы интернет ресурстар»
- «Басқарудағы жаңашылдықтар»
- «Кәсіби деңгейді көтерудегі жаңашылдықтар»

Әрбір номинацияда дипломдар мен сыйлықтар тапсырылады.

5.2. Байқауға қатысу үшін қатысушылар Байқаудың мақсаты мен міндетіне сәйкес жасалған кітапхана ісін дамыту саласындағы жобаларды ұсынады. Жобалар **2012 жылдың 20 маусымы сағат 18.00 дейін** қабылданады.

5.3. Әрбір Байқауға қатысушы бірнеше номинацияға қатысуға сұраным жасай алады.

5.4. Байқау шеңберінде төмендегі жобалар басымдылыққа ие болады:

- Басқа мекемелермен, кітапханалармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен бірігіп жасаған жұмыстар;
- Жазылған жобаның кітапхана қызметін дамытуына бағытталған жұмыстар;
- Инновациялық сипатқа ие және нәтижелерін басқа кітапханаларда қолдану мүмкіндігіне ие жұмыстар;

5.5. Байқау 3 кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең – сұранымдарды қабылдау. Байқауға қатысуға сұранымдар **2012 жылдың 1 мамырына дейін** Қарағанды қаласы, Ерубаев көшесі, 44-үй, Н.В. Гоголь атындағы ОӘҒК, e-mail: [metod@karlib.kz](mailto:metod@karlib.kz), [orb61@mail.ru](mailto:orb61@mail.ru) мекен-жайы бойынша «Байқауға» деген белгімен қабылданады. Қатысушы құжаттарын тікелей өзі әкеліп немесе электрондық пошта арқылы жібере алады.

Екінші кезең – келіп түскен жұмыстарды қарау және іріктеу. Жеңімпаздарды анықтау (**2012 жылдың 1-20 маусымы**).

Үшінші кезең – қазылар алқасының шешімін рәсімдеу және жеңімпаздарды бекіту (**2012 жылдың 20 маусымы мен 10 шілде аралығы**).

Төртінші кезең: **2012 жылдың 26-27 шілдесі**: Форумда жоба жеңімпаздарын марапаттау.

5.6. Жұмыстарды безендіруге қойылатын талаптар:

- Байқауға сұраным;
- Байқау жұмысы 25 беттен аспауы керек. Қосымшалар көлемі шектелмейді.

- Жұмыстар А4 пішінінде, Times New Roman әріптерімен, 14 кегльде, жол аралық интервалы – 1,5, үстіңгі және астыңғы өрісі 2 см., оң жақ өрісі – 1,5 см., сол жақ өрісі – 3 см., тасымалсыз болуы қажет. Автордың фотосуреті электрондық jpg үлгісінде, 300 dpi-ден астам үлкейтілмеген болуы қажет.

- Бірінші бетінде жобаның атауы, жобаның жетекшісі мен оның авторларының аты-жөні, кітапхананың толық атауы, кітапхана директорының аты-жөні, байланыс телефондары, факсі, электрондық поштасы көрсетілуі керек.

- Жобаны жүзеге асыруға қажет шығындар сметасы.
- Жұмыстар 2012 жылдың 10 маусымына дейін қабылданады.

5.7. Көрсетілген мерзімде әкелінбеген және дұрыс толтырылмаған жұмыстар қаралмайды.

5.8. Байқауға ұсынылған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

5.9. Жеңімпаздар тізімі ашық жарияланады.

## **6. Жобаларды бағалаудың негізгі критерийлері**

1. Байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сай болуы.
2. Болашақта қажеті бар жобалар.
3. Жобаның сол кітапхана үшін жаңашылдығы және ауыл, аудан, қала тұрғындары, кәсіпорындар мен мекемелері үшін өзектілігі.

Байқауға байланысты сұрақтармен:

100000, Қарағанды қ. Ерубәев көшесі, 44 үй  
Кітапханаларды дамыту бөліміне хабарласуға болады.  
Тел/факс: 56-77-55  
e-mail: [metod@karlib.kz](mailto:metod@karlib.kz), [orb61@mail.ru](mailto:orb61@mail.ru)

Жас кітапханашылардың  
инновациялық жобалар  
Байқауының ЕРЕЖЕСІНЕ  
*1 Қосымша*

Инновациялық жобалар Байқауына

\_\_\_\_\_ номинациясы бойынша қатысуға

**Сұраным**

Жобаның атауы: \_\_\_\_\_

Жобаның жетекшісі \_\_\_\_\_

Жоба авторы (аты-жөні толық, туған жылы, күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

ОКЖ (ОК, бөлімше) пошталық мекен-жайы, телефоны, электрондық  
поштасы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Қажетті қаржы көлемі: \_\_\_\_\_

Жоба жетекшісінің қолы: \_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_

Кітапхана басшысының қолы: \_\_\_\_\_

### **Жоба сипаты**

Жоба атауы.

Жобаның қысқашы мазмұны: 1-2 беттен аспауы қажет, толық ұранымның барлық бөлімдерін қайталау (әр бөлімге 1-2 сөйлемнен).

Жобаның мақсаты.

Жобаның міндеті.

Жобаның жанашылдығы мен қажеттілігін негіздеу.

Жобаны жүзеге асыруға арналған іс-шаралар.

Жобаға қатысушылар мен серіктестер.

Жобаны жүзеге асыру мерзімі мен кезеңдері.

Жобадан күтілетін нәтижелер: өткізілетін іс-шаралардың нәтижелері жайлы толық ақпарат, нәтижелердің санды және сапалы бағасы.

Жобаның нәтижелерін бағалау механизмі: жобаның тиімділігін бағалау өлшемі қандай екенін көрсету, ортаға, аймаққа жобаның орындалуы қалай әсер еткені және т.б.

Жобаның даму перспективасы: жобаның жүзеге асқаннан соң қызметтің осы бағытта дамуы, осы жобаның жетістігін сақтау және жетілдіру.

**Жобаны жүзеге асыруға бағытталған шығындар СМЕТАСЫ**

Қаржыландырудың жалпы көлемі:

оның ішінде:

- Қатысушылар қаржысы;
- Серіктестер қаржысы.

Тармақтар бойынша шығындар:

оның ішінде:

- жабдықтау;
- кеңсе тауарлары;
- әкімшілік шығындар;
- іссапар шығындары;
- басқа шығындар;

Қолдар: жоба жетекшісі; кітапхана басшысы; бас бухгалтер.